

**Бекітілген тарифтік сметаның, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы,
реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар
алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша 2023 жылға ЕСЕБІ**

1. Кәсіпорынға сипаттама

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай - Компания) Қызылорда облысы бойынша электр энергиясын беру қызметі бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

Компания қызметінің негізгі мақсаты – Қызылорда облысының электр энергетикалық желілерінің тиімді және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Компаниядағы қызметкерлер саны – 1015 адам, оның ішінде: әкімшілік-басқару персоналы – 65 адам, өндірістік персонал – 950 адам.

Компанияның пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы **10 491 шақырым**, қосалқы станциялардың саны – **2008 дана**, құрылғылардың жалпы тозу деңгейі **66% жетті**.

Қазіргі таңда, құрылғылардың нақты қызмет еткен мерзімі **30-50 жылдардан астам**, алайда нормативті қызмет ету мерзімі 20-25 жылдан аспауы керек.

2. 2023 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы

Уәкілетті органмен 2023 жылға түзетіліп бекітілген инвестициялық бағдарлама **1 279 млн. теңгеге** жоспарланып, оның ішінде **371,5 млн. теңгеге жеке қаражат есебінен** келесі жұмыстар жоспарланды:

- **185,1 млн. теңгеге – 27,65 шақырым** «Қызылорда қаласының 10/0,4 кВ электр желілерін қайта жаңғырту»;
- **29,5 млн. теңгеге** – «ОТП-10 кВ қайта жаңартылуы мен модернизациясы»;
- **129,2 млн. теңгеге – 1345 дана** «Электр энергиясын есепке алу аспаптарының модернизациясы мен АСКУЭ-ге қосу»;
- **12 млн. теңгеге – 1 дана** «Автотехника сатып алу»;
- **3 млн. теңгеге** – «2024 жылға арналған инвестициялық бағдарламаның жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу»;
- **6,2 млн. теңгеге – 24 жиынтық** «Ұйымдастыру техникасын сатып алу»;
- **6,5 млн. теңгеге – 35 дана** «ТП, КТПН - ны КТПБ-10/0,4 кВ блоктық үлгіде ауыстыруға қосымша шығындар».

Бюджет қаражаты есебінен 907,5 млн теңгеге келесі жұмыстар жоспарланды:

- **230,6 млн. теңгеге – 21,65 шақырым «КЛ-10 кВ қайта құру»;**
- **52,1 млн. теңгеге – 10,5 шақырым «КЛ-0,4 кВ қайта құру»;**
- **624,8 млн. теңгеге – 35 дана «ТП, КТПН - ны КТПБ-10/0,4 кВ блоктық үлгіде ауыстыру».**

Инвестициялық бағдарламада **1 279 млн.теңгеге** бекітілген жұмыстары **нақты 1 157 млн.теңгеге** шаруашылық тәсілмен (*хозяйственный способ*) кәсіпорынның өз күшімен төмендегідей жұмыстар іске асырылды:

- «Есепке алу аспаптарын орнатып АСКУЭ жүйесіне қосу жұмыстары» бойынша **13 дана** шлюз қондырғылары және **1 345 дана** есепке алу аспаптарын орнату жұмыстары;
- «Автотехника сатып алу жұмыстары» бойынша **1 дана** УАЗ-фермер автокөлігін салып алу;
- «2024 жылға арналған инвестициялық бағдарламаның жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу жұмыстары».

Бюджеттік қаражат есебінен:

- **21,15 шақырым 10 кВ кабель желісін және 10,5 шақырым 0,4 кВ кабель желісін қайта құру жұмыстары;**
- «ТП, КТПН-ны КТПБ-10/0,4 кВ блоктық үлгіде ауыстыру жұмыстары» бойынша **35 дана** комплектілі трансформаторлық қосалқы станциясын орнату жұмыстары толығымен орындалды.

Уәкілетті орган мен Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бірлескен бұйрығына сәйкес, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы отырған жеткізушілердің келісім-шартты орындамауына байланысты өзара соттасу процесі орын алуы себебінен **121,9 млн. теңгеге** Инвестициялық бағдарламада қарастырылған жұмыстары **2024 жылға ауыстырылды**, оның ішінде:

- **87 млн. теңгеге – 27,65 шақырым** Қызылорда қаласының 10/0,4 кВ электр желілерін қайта құру және жаңғырту жұмыстары;
- **29,5 млн. теңгеге – ОТП-10 кВ тарату пунктін жаңғырту жұмыстары** бойынша **9 дана** камера КСО-2-10 қондырғыларын орнату жұмыстары;
- **5,4 млн. теңгеге – 24 жиынтық** ұйымдастыру техникасын сатып алу (*дербес компьютер*).

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ –ның
2023 жыл бойынша жылдық қорытындысы
электр энергиясын беру қызметі
(реттеліп көрсетілетін қызмет)

№ п/п	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат						Инвестициялық бағдарламаның (сомасы)				
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіштердегі саны		Инвестициялық бағдарлама шеңберінде қызмет ұсыну кезеңі	Пайда мен шығындар туралы есеп*	Жоспары	Нақты	Ауытқу	ауытқу себептері
				Жоспар	Нақты						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Электр энергиясын беру.	Қызылорда қ. ҚЭТБ-ы ОАЭТ-ы ӘЖ-10/0,4 кВ электр тораптарын қайта жаңарту мен модернизациясы.	Шақырым	22,7	22,7			185 189	98 120	87 069	СИП маркалы сымын жүргізу жұмыстары жеткізушінің келісім шартты орындамауы себебінен орындалмай, Уәкілетті органның келісімімен 2024 жылға ауыстырылды
2	Қызмет көрсетілетін аумақ- Қызылорда облысы, аумағы 75 612 км ² .	ОТП-10 кВ қайта жаңартылуы мен модернизациясы	Жиынтық	1	-			29 436	-	29 436	Мемлекеттік сатып алу порталында өткізілген конкурсқа қатысушылар арасында жүргізілген сот процесі себебінен орындалмай, Уәкілетті органның келісімімен 2024 жылға ауыстырылды

2023 жылға арналған «ҚЭТТК» АҚ қызметі туралы есебі

3	Электр энергиясы есепке алу аспаптарының модернизациясы мен АСКУЭ-ге қосу	Дана	1 345	1 345	129 207	129 207	0	Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша
4	Ұйымдастыру техникасын сатып алу	Жиынтық	24	-	6 296	896	5 400	Дербес компьютер сатып алу жұмыстары жеткізушінің келісім шартты орындамауы себебінен орындалмай, Уәкілетті органның келісімімен 2024 жылға ауыстырылды
5	Автотехника сатып алу	Дана	1	1	12 000	12 000	0	Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша
6	2024 жылға арналған инвестициялық бағдарламаның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу	Қызмет	1	1	3 066	3 066	0	Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша
7	КЛ-10 кВ қайта құру	Шакырым	21,15	21,15	230 618	230 618	0	Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша
8	КЛ-0,4 кВ қайта құру	Шакырым	10,5	10,5	52 083	52 083	0	Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша
9	ТП, КТПН - ны КТПБ-10/0,4 кВ блоктық үлгіде ауыстыру	Дана	35	35	631 081	631 081	0	Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша

Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге				Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**								Қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламада көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау
собственные средства		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) төмендеуі, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бсыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша апаттылықты төмендету			
Амортизация	пайда			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі		
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
371 511			907 466	0	0	68	66	14,6	14,6	214	214	Конкурстық рәсімнің нәтижелері бойынша	<p>Электр энергиясын беру жөніндегі реттелегіп көрсетілетін қызметтер көлемдері тарифтік сметада 1069 млн.кВт*сағат болып бекітілген, есепті жылға нақты көлемі 1090 млн.кВт*сағатты құрап, бекітілген мөлшерден 2%-ға ұлғайды.</p> <p>Электроэнергиясының транзиты 2022 жылмен салыстырғанда (2022 ж. электроэнергиясы транзитінің нақты көлемі 1002 млн.кВт*сағ құрады) 26 млн.кВт*сағ немесе 3% өсіп отыр. Электр энергиясы транзитінің ұлғаюы қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушыларын енгізу есебінен. Электр желілері мен қосалқы станциялардың тозуы 66% құрайды. Олардың нормативтік пайдалану мерзімі 20-25 жыл, алайда, нақты пайдалану мерзімі 35-40 жылды құрап отыр</p>

3. 2023 жылға бекітілген тарифтік сметасының баптары бойынша орындалуы

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
2-Нысан

Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ –ның
2023 жыл бойынша жылдық қорытындысы
электр энергиясын беру қызметі
(реттеліп көрсетілетін қызмет)

р/с	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметадағы көрсеткіштер	Нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқулар, %	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7
I.	Тауар шығару мен қызметтер көрсетілуіне шығындары, оның ішінде:	млн.тенге	3 669	4 320	18	
1.	Материалдық шығындар	млн.тенге	282	303	7	<i>Материалдарға бағалардың өсуі, апаттық жағдайларды болдырмау, сапалы электр энергия мен электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру мақсатында қосымша апаттық-қалпына келтіру жұмыстары мен электр желілеріне қызмет көрсету жұмыстарының артық көлемде орындалуы</i>
2.	Еңбекке ақы төлеуге арналған шығындар	млн.тенге	2 209,2	2 400	9	<i>Ең төменгі жалақының 70 000 теңгеге өсуі, білікті мамандарды ұстап қалу мен кадрлық тұрақсыздықты болдырмау, сонымен қатар әлеуметтік ишеленісті болдырмау мақсатында компания өндірістік персоналдың жалақысын жаңадан тариф бекітілгенге дейін көтеруіне байланысты</i>
3.	Амортизация	млн.тенге	921,3	1 360	48	<i>ЕҚЖДБ несиесі бойынша негізгі қарызын төлеуге 550 млн.теңге, инвестициялық бағдарлама бойынша 371 млн. теңге бекітілген, 2023 жылға есептелінген негізгі қарыз көлемі толығымен төленді. Алайда, амортизацияның нақты есебі 1 360 млн.теңгені құрап, жыл қорытындысы бойынша 439 млн.теңге жоспардан артық шығынды құрады</i>

4.	Жөндеу, барлығы: оның ішінде:	млн.тенге	256,4	257	0	<i>Жөндеу жұмыстары толығымен орындалды</i>
4.1	<i>ағымдағы жөндеу</i>	млн.тенге	38	38	0	
4.2	<i>күрделі жөндеу</i>	млн.тенге	218	218	0	
II.	Кезең шығыстары, барлығы	млн.тенге	559	821	47	
5.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде	млн.тенге	276	323	17	
5.1.	Материалдық емес активтер амортизациясы	млн.тенге	1,08	1,4	33	<i>«РТП-3» бағдарламалық кешенінің сублицензия кілтін сатып алуға арналған шығыстар 1,6 млн.теңге. МЕА-ның нақты есептелуі 1,4 млн.теңгені құрады</i>
5.2.	Салықтар	млн.тенге	125	160	28	<i>Электр энергетика нысандарды ЭЖТҮКШБ теңгерімінен «ҚЭТТК» АҚ теңгеріміне қабылдауға байланысты мүлік салығының ұлғаюнан 35 млн.теңге артық шығын қалыптасты</i>
5.3	Өндірістік сипаттағы бөгде ұйымдардың қызметтері мен өзге шығындар, барлығы	млн.тенге	151	162	7	<i>аудандық электр желілерінің персоналын тарта отырып, инвестициялық бағдарламаның қосымша көлемін орындауына байланысты 11 млн.теңге артық іссапар шығыстары қалыптасты;</i>
6.	ЕҚҚЖДБ сыйақы төлеуіне шығындары	млн.тенге	283	498	76	<i>инфляцияның жоғарылауына байланысты</i>
III	Ысырап шығындарын өтеуге байланысты шығындар	млн.тенге	2 130	2 581	21	<i>ағымдағы жылдың I шілдесінен бастап Бірыңғай сатып алушы моделін және «КЕГОК» АҚ мен «КОРЭМ» АҚ қосымша қызметтерін енгізуге байланысты 451 млн.теңге қосымша шығындар пайда болды</i>
IV	Барлық шығыстар	млн.тенге	6 358	7 722	21	
V	Пайда	млн.тенге		(1 878)		
VI	Барлық табыс	млн.тенге	6 358	5 844	(8)	
VII	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	млн. кВт*сағ	1 069	1 090	2	<i>Қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушылар санын енгізу есебінен ұлғайту</i>
VIII	Нормативтік техникалық ысыраптар	%	14,60	14,60	-	
		млн. кВт*сағ	155	169	9	<i>Электр энергиясы транзитінің көлемін ұлғайту есебінен шығындардың ұлғаюы себебінен</i>
IX	Электр энергиясы берілуі қызметтеріне тарифі (ҚҚС-сыз)	тенге/кВт*сағ	5,946			
	<i>ҚҚҚРШ сомасын алып тастауды ескере отырып</i>	млн.тенге	288	288		

X	Тұтынушыларға келтірілген залалды шегергендегі барлық кірістер	млн.тенге	6 070	5 844	(4)	
XI	Тұтынушыларға келтірілген залалды шегергендегі электр энергиясын беру қызметіне арналған тариф (ККС-сыз)	тенге/кВт*сағ	5,676	5,36	(6)	2023 жылғы 1 қаңтардан 24 мамырға дейін 4,883 теңге тариф қолданылды. 2023 жылдың 25 мамырынан 31 желтоқсанына дейін 5,676 теңге тариф қолданылды.

4. Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

Электр энергиясы ажыратулары тек ауа райының қолайсыз жағдайлары кезінде орын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйенің техникалық мүмкіндіктері, жұмыс сенімділігі сақталды. 2023 жылы 2-дәрежелі істен шығулар **264 рет** тіркелді.

Қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштері барлық нормативтік-техникалық талаптарына сай сақталған.

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
3-Нысан

Реттелетін көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

2023 жыл бойынша жылдық қорытындысы

«Қызылорда электр тарту тораптары компаниясы» АҚ

электр энергиясын беру қызметі

(реттеліп көрсетілетін қызмет)

Рет. №	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіші	Есепті кезеңнің алдындағы 2022 ж. дерегі	2023 ж. жоспары (нормасы)	Ағымдағы 2023 жылдың фактісі	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақталуын бағалау	Сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері сақтамау себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Жүйе жұмысындағы үзілістер жиілігінің орташа индексі (SAIFI)	1,132	3,7	1,5940	норма	жоқ
2	Жүйе жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі (SAIDI)	1,719	3,7	2,0551	норма	жоқ

5. 2023 жылдың нәтижесі бойынша электр энергиясын беру қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат

Рег. №	Тиімділік көрсеткіші	Есепті кезең алдындағы 2022 ж. дерегі	2023 ж. жоспар	2023 ж. нақты	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау, %	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
	Электр энергиясын беру, млн. кВт*сағат	1028	1069	1 090	2	жоқ
1	Электр энергиясын беру, млн. теңге	4 994	6 070	5 844	(4)	алынатын табыстан РСОД сомасының алынып тасталуы және жаңа тарифтің енгізілу уақытына байланысты
	Электр энергиясы ысыраптары, млн. кВт*сағат	169	155	169	9	жоқ
2	Электр энергиясы ысыраптары, млн теңге	2 267	2 130	2 581	21	жоқ

6. 2023 жылға негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері

Оперативтік мәліметтер бойынша:

Жалпы табыс **6 586** млн.теңгені құрады, оның ішінде: (негізгі қызметтен 5 844 млн.теңге, өзге де қызметтерден 742 млн.теңге).

Жалпы шығыстарға **8 211** млн.теңге жұмсалды, оның ішінде: (негізгі қызметке 7 772 млн.теңге, өзге де қызметтерге 439 млн.теңге).

Жылдық шығын **1 625 млн.теңгені** құрады, оның ішінде: *(негізгі қызметтен 1 928 млн.теңге шығын болса, өзге де қызметтерден түскен пайда 303 млн.теңгені құрап отыр).*

Негізгі қызмет бойынша шығынның қалыптасуына мыналар әсер етті:

- **Материалдық шығындар**: бекітілген жоспар бойынша **282 млн.теңге**, нақты орындалғаны **303 млн.теңге**. Артық шығынның өндірістік қажеттілікке қажетті материалдардың, жанар-жағар майдың нарықтағы бағасының өсуі сонымен қатар, апаттық-қалпына келтіру жұмыстарының есебінен **21 млн.теңгеге** ұлғайды;
- білікті мамандарды ұстап қалу мен кадрлық тұрақсыздықты болдырмау, сонымен қатар әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында компания өндірістік персоналдың жалақысын жаңадан тариф бекітілгенге дейін көтеруіне байланысты еңбекақы қорының **191 млн.теңгеге** өсуіне әкелді;
- тарифтік сметада бекітілген амортизациямен салыстырғанда нақты амортизацияның **439 млн.теңгеге** ұлғаюы. Бекітілген тарифтік сметада нақты амортизация шығыны толығымен ескерілмеді;
- **«Салықтар» бойыншы шығыстар** электр энергетика нысандарды Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының теңгерімінен «ҚЭТТК» АҚ теңгіріміне қабылдауға байланысты мүлік салығының ұлғаюынан **35 млн.теңге** артық шығын қалыптасты;
- **«Еуропалық қайта құру және даму банкінің сыйақы төленуіне шығындары»** инфляцияның **12%-дан 26,98%-ға** дейін жоғарылауына байланысты сыйақы төлеуге арналған шығыстар **215 млн. теңгеге** артты;
- ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасы бойынша Бірыңғай сатып алушы арқылы электр энергиясын орталықтандырылған сату-сатып алу жүйесінің іске қосылуына, сондай-ақ, нақты уақыт режимінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеуіне байланысты электр энергиясын сату бағасы мен «KEGOC» АҚ-ның, «КОРЭМ» АҚ көрсететін қызметтері бағасының өсуіне, электр энергиясы транзиті көлемінің ұлғаюына байланысты нормативтік ысыраптарды сатып алу шығыстары **451 млн. теңгеге** өсуі әсер етті;
- **«Өндірістік сипаттағы өзге ұйымдар қызметтері және өзге де шығындары»** аудандық электр желілерінің персоналын тарта отырып, инвестициялық бағдарламаның қосымша көлемін орындалуына байланысты **11 млн.теңге** артық іссапар шығыстары қалыптасты;
- тарифтік сметада ескерілмейтін шығындар *(айыппұлдар, өсімпұлдар, бюджетке төленетін мемлекеттік баждар, сот шығындары және т.б.)* **56 млн.теңгені** құрады;
- алынатын табыстан РСОД сомасының алынып тасталуы және жаңа тарифтің еңгізілу уақытына байланысты алынбаған табыс **514 млн.теңгені** құрады.

7. Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдері

Тарифтік сметада транзит көлемі **1 069 млн.кВт*сағат** көлемінде бекітілген, есепті жылы транзиттің нақты көлемі **1 090 млн.кВт*сағатты** құрап, бекітілген мөлшерден 2%-ға ұлғайды. Электр энергиясының транзиты 2022 жылмен салыстырғанда *(2022 жылы электроэнергиясы транзитінің нақты көлемі 1 029 млн.кВт*сағ құрады)* **61 млн.кВт*сағатқа** немесе **6%** өсіп отыр.

8. Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларына жасалып жатқан жұмыстар туралы

«ҚЭТТК» АҚ-ның тұтынушыларымен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты: тұтынушыларға электр энергиясын беру бойынша қызметтерді сапалы және үзіліссіз қамтамасыз ету болып табылады.

Қызылорда қаласының Арай, Титов және Қызылжарма шағын аудандарында 10/0,4 кВ әуе желілерін дамытуға жарғылық капиталды ұлғайту аясында облыстық бюджеттен **250 млн. теңге** бөлініп, оған келесі жұмыстар орындалды: **41,2 шақырым** 10/0,4 кВ әуе желісі, **9 дана** 10/0,4 кВ қосалқы станциясы жаңғыртылып, жоспарланған құрылыс монтаждау жұмыстары толығымен орындалды.

«Қызылорда қаласында «Силикатная», «Промышленная» және «Комсомольская» 35/10 кВ қосалқы станцияларында күштік трансформаторлар мен 35 кВ сыртқы тарату құрылғыларының жабдықтарын жаңғыртуға» облыстық бюджеттен жарғылық капиталды ұлғайтуға облыстық бюджеттен **548,7 млн. теңге** бөлініп, келесі жұмыстар атқарылды:

- алюминий орамдары бар ТДН-10000/35-10 кВ, У1, (Ал/Ал) маркалы трансформатор – 3 дана;
- 35 кВ ажыратқыш блогы (металл конструкциясы) – 4 дана;
- 35 кВ көше өнімділігі IP54 желісін қорғау шкафы – 4 дана;
- КВВГнг 7х2. 5 кабелі – 600 метр;
- лежень ЛЖ 44 – 8 дана алынып қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Мемлекеттік атып алу порталынан үнемделген **10 млн. теңгеге** келесі материалдарды сатып алуға мемлекеттік сатып алу порталында конкурстар жарияланды:

- НАМИ-10 кВ сақтандырғышымен – 10 дана;
- НТМИ-10 кВ сақтандырғышымен – 10 дана;
- ЗНОМ-35кВ сақтандырғышымен – 2 жиынтық.

Қызылорда қаласын электр энергиясымен қамтамасыз етуге қатысты бірқатар өзекті мәселелер орын алуда.

Қызылорда облысы бойынша қондырғылардың орташа тозу деңгейі **66%-ды** құрайды, ал Қызылорда қаласы бойынша бұл көрсеткіш **72%-ды** құрайды.

2023 жылдың 2-3 қантарында Қызылорда қаласында ауа-райы құбылыстарының әсерінен авариялық ажыратулар орын алып, электр энергиясының өшірілуіне алып келді. Салдарынан Қызылорда қаласында 60 мыңға жуық тұтынушы электр энергиясыз қалып, жеткізілмеген электр энергиясы 49 421 кВт*сағатты құрады. Аталмыш авариялық ағытылулардың басты себебі жоғарыда аталған электр желілерінің 68% толықтай тозуы болып табылады. Қызылорда облысы әкімінің қаулысына сәйкес жоғарыда аталған жағдайларды қайта болдырмау мақсатында «ҚЭТТК» АҚ-мы қысқа мерзімде жоспар құрып, 1-кезеңге жарғылық капиталын ұлғайту аясында **«Қызылорда қаласында электр желілерін дамыту, қайта құру және жаңғыртуға»** облыстық бюджеттен **1 587,3 млн. теңге** қаржы бөлінді.

Қазіргі таңда 1-кезеңге жоспарланған құрылыс-монтаждау жұмыстары толығымен орындалды:

- 35 дана 10/0,4 кВ-ты ТП, КТПН-дерді 10/0,4кВ КТПБ-ға ауыстыру;
- 27 дана ТП 10/0, 4 кВ-ты жаңғырту;
- 31,65 км 10/0,4 кВ кабельдік желілерді қайта жаңарту;
- 16 дана металл платформасы бар автокөлік сатып алу.

Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы негізінде «Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматты жүйесін жаңғыртуға және негізгі құралдарды сатып алуға» облыстық бюджеттен жарғылық капиталды ұлғайтуға облыстық бюджеттен **743,3 млн. теңге** бөлініп, келесі жұмыстар атқарылды:

- манипулятор – 1 дана;
- борттық жартылай тіркемесі – 1 дана;
- трал – 1 дана;
- ямобур – 2 дана;
- автокран – 1 дана;
- автогидрокөтергіш – 1 дана арнайы техникалары сатып алынды,
- жылжымалы зертхана –1 дана,
- ершікті тартқыш –1 дана арнайы техникалары мен кернеу релесі – 15 дана, электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің материалдар мен жабдықтары мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастырылды.

Облыста тұрғын үй секторының ұлғаюы, әлеуметтік нысандар мен кәсіпкерлік нысандардың жаңадан қосылуы, электр энергиясы тұтынушыларының нарығының кеңеюі, Қызылорда облысын электрмен жабдықтаудың дамуы есебінен электр энергиясы транзиті көлемі бекітілген жоспардан **21 млн.кВт*сағатқа немесе 2%-ға өскен**. Электр энергиясы транзиті көлемінің ұлғаюына байланысты нормативтік ысыраптар **451 млн.теңгеге немесе 21 % артты**.

9. 2024 жылға кәсіпорын қызметінің перспективалары
(оның ішінде электр энергиясын беру бойынша қызметтеріне тарифі өзгерген жағдайда)

Уәкілетті органның 2023 жылғы 19 мамырдағы №16-ОД бұйрығымен 2024 жылға **5,86 теңге** мөлшерінде тарифі мен тарифтік сметасы бекітілді.

2024 жылдың тарифтік сметасында мыналар ескерілген:

- электр энергиясы транзиті көлемі – **1 123 млн.кВт*сағат**, нормативтік ысыраптар - **162 млн.кВт*сағат** немесе **14,50%**;
- жөндеу жұмыстары - **325 млн.теңге** (*ағымдағы жөндеу - 48 млн. теңге; күрделі жөндеу - 277 млн.теңге*).

Орындалатын жұмыстар көлемі:

- **65,1 шақырым** электр тарату желілері мен **84 дана** қосалқы станцияларға күрделі жөндеу жұмыстарын;
- **45 шақырым** электр тарату желілері мен **48 дана** қосалқы станцияларға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған.

Қазіргі таңда жөндеу жұмыстарына қажетті материалдардың барлығы таңдалып, мемлекеттік сатып алу порталына жарияланып, келісім шарттар жасалуда.

➤ Құны **1 682 млн.теңгені** құрайтын инвестициялық бағдарламасы аясында компанияның өз қаражаты есебінен **460 млн. теңгеге** келесі жұмыстар қарастырылған:

- **174 млн. теңгеге** – **22,7 шақырым** кернеуі 10/0,4 кВ электр желілерін қайта жаңғырту;
- **80 млн. теңгеге** – **1 777 дана** электр энергиясын есепке алу аспаптарын электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесіне (АСКУЭ) қосу;
- **168 млн. теңгеге** – **3 жиынтық** «Телемеханика жүйесін модернизациялау және SCADA-ға қосу»;
- **38 млн. теңгеге** – **3 дана** «Автотехника сатып алу» (*1 дана - Камаз-53504-6920-46-длинномер, 1-дана НЕФА3-9334-10 жартылай тіркемесі, 1-дана Уаз-390945-4557*).

1 222 млн. теңге бюджет қаражаты есебінен авариялық ажыратуларды қалпына келтіру мақсатында келесі жұмыстар қарастырылған:

- **0,5 шақырым** «35 кВ Л-33,34 әуе желісін қайта жаңарту мен модернизациялау»;
- **16 дана** «10/0,4 кВ ТП, КТПН - ны КТПБ-10/0,4 кВ блоктық үлгіде ауыстыру»;
- **128,6 шақырым** «10/0,4 кВ әуе желілерін қайта жаңарту»;
- **5,6 шақырым** «0,4 кВ кабель желілерін қайта жаңарту»;
- **3 дана** «Автотехника сатып алу».

Қазіргі таңда, материалдар мен құрылғыларды мемлекеттік сатып алу порталы арқылы келісім шарттары жасалып, құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды.

Еуропалық қайта құру және даму банкі несиесі бойынша міндеттемелер: негізгі қарыз 550 млн. теңге, несиелік сыйақылар төлеуге 222 млн. теңге қарастырылған.

ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңы және «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына *«өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің бір жылдағы статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық жалақысының өзгеруі»* бойынша енгізілген өзгерістерге сәйкес, Компания қызметкерлердің орташа айлық жалақысын өсіріп және стратегиялық тауарлар құнының өсуіне байланысты 2024 жылдың 19 ақпанында Уәкілетті органға тарифті мерзімінен бұрын өзгертуге өтінім берді. Бұл ретте электр энергиясын беру қызметінің болжамды тарифі 1 кВт*сағат үшін (ҚҚС-сыз) 7,862 құрайды.